

**Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын  
«Орал ақпараттық технологиялар колледжі»  
(Қазақстан Республикасы)**

**және**

**Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Борис Глебович Музруков атындағы  
Саров политехникалық техникумы мемлекеттік бюджеттік  
кәсіптік білім беру мекемесі арасында  
(Ресей Федерациясы)**

**ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ  
ШАРТЫ**

«16» мамыр 2022 ж.

Орал қ.

**«Орал ақпараттық технологиялар колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын («Орал ақпараттық технологиялар колледжі» МКҚК) Жарғы негізінде әрекет ететін директордың міндетін атқарушы Бахытгуль Сергеевна Ахметова және «Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Борис Глебович Музруков атындағы Саров политехникалық техникумы» мемлекеттік бюджеттік кәсіптік білім беру мекемесі (БПБОУ СПТ им.(Б. Г. Музрукова)) Жарғы негізінде әрекет ететін директор Наталья Федоровна Горчакова атынан төмендегілер туралы осы шартты жасады:**

**1. Шарттың мәні**

- 1.1. Осы Шарттың мәні тараптардың кәсіптік білім беру саласындағы ынтымақтастыққа бағытталған қатынастары болып табылады.
- 1.2. Тараптар еңбек нарығы үшін білікті жұмысшы кадрларды даярлау саласындағы жан-жақты ынтымақтастыққа дайындығын білдіреді.

**2. Шарттың мазмұны**

- 2.1. Кәсіптік білім берудің жаңа ақпараттық және педагогикалық технологиялары саласында ақпарат және тәжірибе алмасуды жүзеге асыру.
- 2.2. Тараптардың педагогикалық кадрларына кәсіптік білім беру саласына жататын және тараптардың құзыретіндегі материалдарға қол жеткізуді қамтамасыз ету.
- 2.3. Кәсіби білім беру мәселелері бойынша семинарлар, конференциялар, педагогикалық оқулар өткізу, студенттер мен педагогтардың кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу.
- 2.4. Студенттер мен инженер-педагог қызметкерлердің әр тарап өткізетін конкурстарға, жәрмеңкелерге, көрмелерге, олимпиадаларға және мәдени іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ету.
- 2.5. Өз аумағында екі облыста шығарылатын баспа өнімдерінің (газеттер, журналдар, әдістемелік және оқу құралдары) кедергісіз таралуына жәрдем көрсету.

- 2.6. Өзара келісім бойынша тараптардың әрқайсысын қажетті оқу-әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз ету.
- 2.7. Халықаралық жобаларға бірлесіп қатысу, зерттеу және технологиялық жұмыстар жүргізу.

### 3. Шарттың мерзімі

- 3.1 Осы Шарт оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және бес жыл бойы қолданылады. Шарт тараптар келіскен жаңа мерзімдерге ұзартылуы мүмкін.

### 4. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар

- 4.1. Осы шартқа өзгерістер мен толықтырулар, егер олар жазбаша нысанда жасалса және уәкілетті тұлғалар қол қойса, тараптардың өзара келісімі бойынша енгізіледі.

### 5. Шарттың басқа да талаптары

- 5.1. Шарт біржақты тәртіппен бұзылуы мүмкін емес. Тек тараптардың өзара келісімі бойынша, жазбаша түрде көрсетіледі.
- 5.2. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада жасалды.
- 5.3. Тараптар арасында туындайтын даулар келіссөздер арқылы реттеледі.

«Орал ақпараттық технологиялар колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын

Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Борис Глебович Музруков атындағы Саров политехникалық техникумы мемлекеттік бюджеттік кәсіптік білім беру мекемесі

Директордың м.а.

Б.С.Ахметова

Директор

Н.Ф.Горчакова

